

СЕКЦИЯ «ВОПРОСЫ ПРЕПОДАВАНИЯ БИОЛОГИЧЕСКИХ И ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН»

К.Б. Бекишев

САРЫАРҚАНЫҢ АЛЫП ҚАЛАСЫНЫҢ ДАРЫНДЫ ТҰЛҒАСЫ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Биыл Қарағандының қала мәртебесін алғанына 80 жыл толып отыр. Жақсы жасаған бір ғұмыр. Сонау сұрапыл соғыстың алдында, дәлірек айтқанда, 1934 жылы қазығын алғаш қағып, туын желбіреткен қазыналы қаламыз бүгіндері сексеннің сеңгіріне шығып, ірі өндіріс ошғына, үлкен мәдениет орталығына айналды. Мен бұл қалаға 1960 жылы келдім. Ол кезде Қарағанды шаһары кішірек болатын. Жарты ғасырдан астам көз алдымда өсіп келе жатқан алып қаланың тарихи шежіресін, күнделікті тыныс-тіршілігін бүгінгі ұрпақ пен келер толқынға жеткізуге кішкене де болса өз үлесімді қоссам, азаматтық парызымның бір парасы өтелгендей емес пе! 54 жыл бұрынғы Қарағанды мен қазіргі қаланың кескін-келбетін салыстырып қарасақ, аспан мен жердей айырмашылықтар бар. Сүйікті қаламыздың өсіп-өркендеуіне, кеңірек қанат жаюына қаншама адамдар атсалысты, қаншама еңбек азаматтары маңдай терлерін төкті, қаншама зиялы қауым ой-пікірлерін ортаға салды. Мен солардың алдыңғы толқын аға-апаларға шәкірт, кейінгі буын іні-қарындастарға ұстаз болғанымды мақтаныш тұтамын. Бүгінгі айтайын деп отырғаным, сексен жылдық торқалы тойындағы осынау өндірісті өлкенің дамуына аса зор еңбектерін арнап, шаһардың шежіресіне алтын әріптермен есімдері жазылған тұғалар жайында еді.

Сондай аяулы жандардың бірі – Ебіней Арыстанұлы Бөкетов болатын. Ғұлама ғалым, айтулы академик Ебекеңнің есімі менің жүрегіме, жан дүниеме, мамандығыма да өте жақын. Ол кісі өмір бойы химия мен әдебиет саласында болды да, мен биология мен экология жағында болдым.

Алғаш Қарағандыға келгенімде осы ағамыздың үлкен қамқорлығын көрдім. Айтқан ой-пікірлері, ақыл-парасаты, жүріс-тұрысы еңбек жолын жаңа бастаған жас маманға үлкен мектеп болды. Ебекеңнің шәкірті, аспиранты болған біздің замандасымыз, академик Сайлау Байсановтың естелігінде: «Е.Бөкетовтің бастамасымен елімізде марганец кеніштерін игеру жүйелі жолға қойылды. Қазіргі күні Ақсу ферроқорытпа зауытында №1 цех 200 мың тоннадан астам марганец өндіреді. «Мына жұмысты аяқсыз қалдырмандар. Ертең мемлекетіміздің дамуына сүбелі үлес қосатын өндіріс саласының келешегі зор болмақ», - деп сырқаттанып жүгенінде де сырласып отыратын бізбен. Тағы бір бастамасы – қолданылған көмірдің күлінен металл алуды алға тартты. Көмірдің үш сортының күлінің құрамында кремний, алюминий бар

екенін дәлелдеуге тырысты. Бірнеше жылдарға созылған зерттеулердің нәтижесінде бұл ісіміз өз жемісін берді.

1962-1972 жылдар аралығындағы 10 жылдың ішінде химия-металлургия институты іргесінде халықаралық деңгейдегі тәжірибелі мамандар, ғалымдар әзірледі. Институттың ісін ілгерлетті. Ал, 1972 жылы Қарағандыда осы білікті мамандардың шоғырын топтастырып, жастарға білім беретін екінші мемлекеттік оқу орнын ашу қажеттігі туындады. Сондықтан, ХМИ-дің жұмысын алға бастырған Ебіней Бөкетов Қарағанды Мемлекеттік университетіне ректор болып келді. Бұл жоғары оқу орнының да негізін қалап, 10 жыл бойы білікті басшы болды. Кейін ХМИ-ге қайта қызметке жіберілді...», - деп сағынышпен еске алыныпты. Академик ұстаз-ағасы жайлы академик шәкірт-інісінің шағын естелігінде үлкен шындық жатыр.

Расында, Қарағанды өлкесінің қарыштап дамуына, бүгінгідей биік белеске көтерілуіне Ебіней ағаның еңбегі зор. Өндіріске қосқан өлшеусіз үлесін былай қойғанда, талай жылғы Қарағанды жастарына, оған қоса еліміздің барлық аймағынан келіп оқыған студенттерге берген сапалы білім мен саналы тәрбиеге ұйытқы болған қара шаңырақ Қарағанды Мемлекеттік Университеті де осы кісінің еңбегімен һәм есімімен тығыз байланысты. Академик ағаның асыл қасиеті, ізгіниеті өзінен кейінгі шәкірттеріне шырайлы шуағын шашып, өмірге деген құлшыныстарын арттырып тұрғандай көрінеді маған.

Ғалым ағаның өмірбаяны да өзгеге үлгі боларлықтай. Келер жылы 90 жылдық мерейтойы қарсаңында аяулы азаматтың жүріп өткен жарқын жолын, ізгілікті іздерін жариялап, насихаттай берсек, нұр үстіне нұр емес пе! Ол кісі сонау 1925 жылы 23-ші наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Бағанаты ауылында дүниеге келіпті. Еліміздің солтүстік өңіріндегі табиғаты келіскен, шоқ-шоқ қайың-қарағайы аралас орманды, өзен-көлге бай құнарлы жерде туып-өскен арманшыл жастың көкірегіне, жан дүниесіне сол табиғат пен туған жердің қасиеті өлшеусіз дарын мен қабілетті құя салғандай. Балалық бал дәурені, жастық сал дәурені отызыншы-қырқыншы жылдардағы небір сойқан да нәубет кезеңдерге тап болған жігерлі де қайсар жан өзін алып шығатын жолды білім мен ғылымнан іздепті. Жалықпай ізденіп, талмай оқудың арқасында 1950 жылы ҚазМТУ-ды үздік бітіреді. 1960 жылы сол жоғары оқу орнының аспирантурасын тәмамдап ғылымға біржолата бет бұрады. Сонан ғылым саласында ассистент, аға оқытушы, доцент, Қазақ тау-кен металлургия институты директорының орынбасары секілді қызметтерді атқара жүріп, Кандидаттық қорғап, әрі қарай 1966 жылы техника ғылымдарының докторы, 1967 жылы профессор, 1975 жылы Қазақстан ғылымының Академиясының академигі атанған. 1960-1972 жылдары Қарағанды химия-металлургия институтының директоры болса, 1972-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болды. Балқаш тау-кен металлургия комбинатындағы зерттеу істерімен өндірісте ашқан жаңалықтары үшін 1969 жылы КСРО мемлекеттік сыйлығы берілген.

Ғалымның әдебиетші ретінде де ұлттық руханиятқа қосқан үлесі орасан. 1989 жылы жарық көрген «Алты хат» жыйнағы, бірнеше тарихи-танымдық,

публицистикалық мақалалары, С.Есенин, Б.Маяковский, И.Василенко, И.Вазов секілді орыс қаламгерлерінен аударған аудармалары да қазақ оқырмандарының көңілінен шыққан.

Ғұлама ғалымды ұлықтап Қарағандының бір көшесіне және өзі құрған Қарағанды мемлекеттік университетіне есімін беруі Арқа жұртшылығы үшін үлкен абырой, зор мақтаныш. Қарашаңырақ Қарағанды мемлекеттік университетіндегі ғалым мұражайы да букетовтануға қосылған игілікті істердің бірі. Дегенмен осы салада әліде атқарылмай жатқан, толық мәнінде игерілмей жатқан тұстар баршылық. Кезінде Республика бойынша екінші ашылған университет сол кісінің есімімен аталып, алдындазор ескерткіші тұрғанда осы жердегі көше «Университет көшесі» деп аталады. Ал «Е.Букетов көшесі» қаланың мүлде басқа жерінде орналасқан. Алдымыздағы 90-жылдық мерейтойда осы олқылық орнына келсе екен деген бір тілек-өтінішім бар.

Екінші есімі елге әйгілі тұлғаның бірі- генерал Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсенов. Заң ғылымдарының білгірі,ардагер генерал ұстаз. Белгілі заңгердің өмір белестері Қарағанды қаласымен қоса өрілген.

Ізгілік іздері сайрап жатыр. Ішкі Істер министірлігінің бұрынғы Қарағанды жоғары мектебі, соның негізінде құрылған Қарағанды заң институты бүгінде «Ішкі Істер министірлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Заң Академиясы» деп аталады. Асыл ағамыз жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Қорғанбек Аманжолдың « Бай өмірбаян,байтақ ұлағат» дейтін естелік – мақаласы өткен жылы жарық көріпті. Сол мақалада аяулы жанның ғажайып ғұмырбаяны атқарған ізгілікті істері, еліне деген еселі еңбегі, отанға, қоғамға арналған адалда азаматтық бейнесі жан-жақты қамтылған екен. Осы естеліктегі Қарағанды қаласына қатысты бір тұсынан үзінді келтірейік: 1969 жылың үскірік аязды, боранды желтоқсанында полковник Бейсенов бір топ серіктерімен республика астанасынан көмірлі Қарағандыға келіп жетті. Қарағанды Жоғары мектебінің бастығы қызметіне өзін лайықты деп тапқан Үкіметтегі, министрліктегі жауапты тұлғалардың, Шырақбек Қабылбайыптай шырақты ағалардың үмітін Бәкең ақтап шықты. Мектептің оқу жүйесін ұйымдастырумен бірге жаңа оқу орны ғимараттарының құрлысын білгірлікпен басқарып жүргізді. Құрлыс жобаларын қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізді.

Бәрімбек Сәрсенұлымен студенттік шақта бірге оқыған, кейін Қарағанды облаткомының төрағасы болып қанаттас қызмет атқарған Сұлтан Досмағамбетовтың айтуынша, Бәкеңнің адами қасиеттері, ұйымдастырушылық қабілеті жас кезінен-ақ байқалыпты. Ол милиция жоғары мектебінің құрылыс кешенін алғашқы қазығынан бастап көтерді. Сол кезде Қарағанды бүкіл Кеңестер Одағының ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлады. Мұнда оқуға түсуге алып елдің барлық алыс түпкірлерінен келіп жататын. Ал Бәрімбек Бейсеновтың қызметі Қарағанды заң институты тарихындағы ең басты жарқын беттердің бірі болып қала береді.

Қарағанды мектебінің бастығы қызметін Бәрімбек Сәрсенұлы 16 жыл атқарып, 1985 жылы зейнетке шықты. Бірақ ол істен қалмайды. Тынымсыз азамат Қарағанды мектебінің Алматыдағы филиалында соңғы деміне дейін

профессорлық тағылымын жалғастырады, Ішкі Іштер министрлігінің Алматыдағы жоғары тергеу мектебінде дәрістер оқыды...».

Бәкекнің Қарағанды қаласына қаншама еңбек сіңіргенін осы естеліктен-ақ көріп сезуге болады.

Қала болып қалыптаса бастаған ірі өндіріс орнына жан-жақтан неше түрлі ұлт өкілдері келіп жатқан күрделі кезеңде ішкі тәртіпті сақтау өте жауапкершілікті қажет етеді. Түрлі қылмыстар мен саяси тұрақтылықты, күнделікті әлеуметтік жағдайлардан туындайтын келеңсіздіктерді, басқада кемшіліктерді қалпына келтіру үшін қоғамдағы тәртіп сақшыларын дайындайтын осынау білім ошағы өзін қалыптастырып-дамытқан алғашқы басшысы Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновке қашанда қарыздар. Ал Бәкен Қарағанды үшін әрдайым қымбатта қастерлі тұлға.

Үшінші бір үздік тұлға – Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, ҚР Халық ағарту ісінің еңбек сіңірген қызметкері, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті, профессор, Халықаралық «Еуразия» Экономикалық академиясының толық мүшесі, «Орталық Қазақстан: табиғатымен табиғи ресурстары, оқиғалар мен адамдар, реформалармен дамуы» атты танымдық кітаптың авторы. Өткен жылы 85 жасқа толған ардақты ағамыз өзінің барлық ғұмырын өндірісті қаланың өркендеуіне арнағандай. Жалғыз қала емес, Қарағанды облысындағы халыққа білім беру саласының өрлеуі мен дамуына орасан зор үлес қосты. Құрметті азамат, ғұлама ғалым, абыз ақсақалдың ғұмырдерегіне азырақ шолу жасасақ: «С.Қ. Досмағамбетовтың басшылығымен және республикалық, одақтық органдармен белсенді ынтымақтастығының нәтижесінде облыстық атқарушы комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы боп қызмет еткен кезеңде Қарағанды педагогикалық институты Қарағанды мемлекеттік университеті болып өзгерді, Одақ орталығының Қарағанды кооператив институты (бүгінде Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университеті (ҚЭУ)). КСРО ІІМ жоғары мектебі (бүгінде ҚР ІІМ Қарағанды заң академиясы), Қарағанды дене тәрбиесі институты (кейінде Қарағанды педагогикалық институты болды), сондай-ақ, ҚазКСР Ғылым Академиясының орталық Қазақстандық бөлімі (ҒА ОҚБ) және бір қатар ғылыми зерттеу институттары ашылды, жылдам өсіп, табысты дамыды.

Сұлтан Қапарұлы бірінші санатты Қарағанды педагогикалық институтының Қарағанды мемлекеттік университеті болып қайта құрылу мәселесімен алты жыл бойы табанды айналысты. Аталған мәселе бойынша Алматы мен Мәскеуге бірнеше рет барды. Университет үшін 1200 орындық типтік ғимарат мектебінің жоспардан тыс бөлуіне мемлекеттік жоспарда қол жеткізді. Ол Н.В. Гоголь көшесінде бой көтерді.»,- деп жазылыпты ол кісі жайлы ғұмырбаянда. Сұлтекең жайында өзінің замандасы, соғыс және еңбек ардагері М.И. Имашев «Слово о друзьях и близких» деген кітабында: « Сұлтан Қапарұлы – біздің облысымыздың алғашқы басшыларының бірі, соңғы 50 жылда есімде қалған – ең қабілетті, ең дайындығы жоғары, ең көрнекті қайраткер. Ол мұны облыстық атқару комитетінің төрағасы болған кездегі 20

жылдық жұмысында көрсетті. Онымен бірге еңбек еткен көптеген қарағандылықтар, оның іскерлік және саяси ұстанымы арқылы ең жоғары лауазымға лайық екеніне сенімді болды», - деп тебірене толғанады.

Ал, академик Ә.С.Сағынов: «Аса құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз Қарағанды облысының экономикасын, мәдениетін, денсаулық сақтау мен білім беру саласын дамытуда және көтеруде үлкен үлес қостыңыз. Маған сізбен бірге Қарағанды политехникалық институтында, әсіресе оның құрылған кезінде бірлесе жемісті еңбек еткенімді есіме алудың өзі ғанибет» десе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз бедел мен абыройға бөлене отырып, Қарағанды аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қыруар іс тындырып, мемлекеттік басқару органдарына көптеген жылдар еңбек етіп, үлкен өмірлік жол жүріп өттіңіз», - деп жоғары баға берген.

Сұлтан ағаның Қарағанды қаласы мен облысына сіңірген еңбегі жайлы әлде талай-талай кітаптар жазылар. Бүгінгі және келер ұрпақ үшін ол кісінің маңдай тері мен еселі еңбегі ұшаң теңіз.

«Бір өзі-бір әлем» демекші, Сұлтекеңнің сексеннің асуындағы ғажап ғұмыры, ізгілік іздері өмір өткелдері бүгінде аңызға айналып отыр.

Бүгінде Қарағанды қаласы қарыштап дамып, өркендеп өсіп келеді. Келешекте «мегаполис» дейтін замануи атқа да ие болары сөзсіз. Арқадағы алып қаланың алғашқы қызықтарын қағып, оның ыстық-суығын бастан кешкен, адал еңбектерімен қызмет жасаған осынау текті тұлғалармен, ақыл- парасаты мол абыз ағалармен жақсы араласып, сый-құрметіміз жарасып, талай қызметтес болғаныма қуанамын, мақтаныш тұтамын.

Р.Т. Бодеева, А.Ж. Темиржанова, Н. Есен

КӨПТІЛДІК ТОПТАРДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДІСІНЕ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қарқынды енуі - инновациялық-индустриалдық экономика, қоғамның ақпараттануы, білім кеңістігінің сәйкестілігі және халықаралық стандарттың енгізілуі адамның санасын және мінез-құлқын түбірінен өзгертеді, адам баласы осылардың көмегі арқылы өзін қоршаған ортаны өзгертеді және өзі де өзгереді.

Қоғам мен сананың қоғамдық қалпының әлеуметтік және тарихи қайта құрылуы және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарға бағыты, әлеуметтік-тарихи қажеттілік, ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігі, мәдени уақыт талабы ретінде Президенттің «Үш тұғырлы тіл» туралы мәдени жобасының өзектілігін көрсетті және Қазақстан Республикасында қазақ - орыс - ағылшын: мемлекеттік тіл - ресми - әлемдік стратегиялық мақсаттылық болып табылады, үш тілдің артықшылығын бекітті [1].